



**T.C.**  
**ANKARA HACI BAYRAM VELİ ÜNİVERSİTESİ**  
**EDEBİYAT FAKÜLTESİ**  
**Çağdaş Türk Lehçeleri ve Edebiyatları Bölüm Başkanlığı**



Sayı :E-72781745--

Konu :



**Agymedullaeva Nazerke Bolekbaykyzy'nin "8D02304 - Filoloji" Eğitim Programında Felsefe Doktoru (Phd) Derecesi İçin Hazırladığı Medya Söyleminin Özellikleri: Dilbilimsel Ve Kültürel Yön (Kazak Ve İngilizce Medya Materyallerine Dayalı)" Başlıklı Tez Çalışması Üzerine Rapor**

**Değerlendirme**

21. yüzyılda dilbilimsel araştırmanın gelişimi, dil ve kültür arasındaki etkileşimin derinlemesine incelenmesi için fırsatlar açan antroposentrik bir paradigmaya dönüşmüştür. Bu bilimsel yönde, dil yalnızca bir iletişim aracı olarak değil, aynı zamanda kültürel bir kod, kolektif hafıza ve ulusal dünya görüşü taşıyan bir sistem olarak da kabul edilmektedir. Bu bakış açısından, medya söyleminin bilişsel ve kültürel işlevleri de ön plana çıkmaktadır.

Modern dönemde en etkili söylem türü olan medya söylemi, belirli bir kamuoyunun oluşumu için bir araç ve ulusal ve kültürel değerleri yeniden yorumlamanın bir yolu haline gelmektedir. Kitle iletişim araçlarının iletişim dili aracılığıyla sunduğu politik, sosyal ve kültürel söylem, bir yandan dilbilimsel kavramları yansıtırken, diğer yandan bunları pragmatik hedeflere uygun olarak işler ve yeni anlambilimsel alanlara yol açar.

Agymedullaeva Nazerke Bolekbaykyzy'nin "Medya söyleminin özellikleri: dilbilimsel yön (Kazak ve İngilizce medya materyallerine dayalı)" konulu Felsefe Doktoru (PhD) derecesi için hazırladığı tez çalışması, modern medya dilbilimi ve dilbilimsel çalışmaların güncel konularını içeren kapsamlı bir bilimsel çalışmadır.

Araştırma çalışmasının önemi, medya söylemi ile ulusal-kültürel değerler arasındaki ilişkinin karşılaştırmalı-tipolojik bir temelde incelenmesi ve küreselleşme koşullarında kültürlerarası iletişimin etkinliğini sağlayan retorik yaklaşımların ve dilbilimsel araçların belirlenmesi gerekliliğiyle ilişkilidir. Araştırmacı, Kazakça ve İngilizce medya söylemlerinin benzerliklerini ve farklılıklarını kapsamlı bir şekilde analiz etmiş, modern bilgi alanında medya dilini kullanarak izleyiciyi etkilemenin kültürel ve pragmatik mekanizmalarını ortaya koymuştur.

Tezin yapısı, içeriği, teorik ve metodolojik temelleri, modern dilbilimsel araştırmanın gereksinimlerini tam olarak karşılamaktadır. Çalışmanın amacı, Kazakistan Cumhuriyeti Cumhurbaşkanı K. Tokayev ve eski Amerika Birleşik Devletleri Başkanı D. Trump'ın resmi konuşmalarının medya transkripsiyonlarıdır.

Çalışmada kullanılan yöntemler - metin analizi, deyimisel analiz, anlamsal-karşılaştırmalı analiz, çok biçimli söylem analizi, anket ve istatistiksel verilerle çalışma -dır.

Aşağıdaki hususlar bilimsel çalışmanın yeniliği olarak not edilebilir:

- Kazak ve İngilizce medya söylemlerinin deyimisel ve kavramsal alanlarının ilk sistematik karşılaştırması;
- K. Tokayev ve D. Trump'ın siyasi konuşmalarında ulusal kavramların söylemsel temsili;
- Medya söyleminde ve ulusal özelliklerde görsel-iletişimsel unsurların rolü;
- Kamuoyunu etkileyen manipülatif stratejilerin dil-kültürel bağlamda tezahürü.

Araştırmacı, tezinde medya metninin yapısal, pragmatik ve kültürel katmanlarını uyumlu bir şekilde ele aldı ve ulusal siyasi söylemin özsel ve biçimsel özelliklerini bilimsel bir temelde analiz etti. Çalışmanın seyri sırasında sunulan teorik sonuçlar ve pratik sonuçlar, dilbilimsel kültür çalışmaları, medya dilbilimi,

*N.*



çeviri çalışmaları, siyaset bilimi ve kültürlerarası iletişim alanlarında önemli bir bilimsel ve teorik temel oluşturmaktadır.

Tez çalışmasının teorik önemi, siyasi medya söylemi ile ulusal dil bilinci arasındaki ilişkiyi belirlemeyi amaçlayan bir modelin sunulmasıdır. Pratik önemi ise, dil ve kültürün sürekliliğini göz önünde bulundurarak medya diliyle çalışan gazeteciler, çevirmenler ve uluslararası ilişkiler uzmanları için metodolojik bir araç olarak hizmet edebilecek bilimsel bir temele sahip olmasıdır.

Tezin giriş kısmı, araştırmanın alaka düzeyini, amacını, hedeflerini, çalışmanın nesnesini ve konusunu, kullanılan teorik ve metodolojik temelleri ve yöntemleri kapsamlı bir şekilde açıklamaktadır. Araştırma çalışmasının alaka düzeyi, özellikle siyasi söylem çerçevesinde, medya söylemi ile ulusal-kültürel özellikler arasındaki ilişkinin kültürlerarası karşılaştırmalı bir temelde ele alınması gerekliliğidir. Çalışmanın amacı, Kazakça ve İngilizce dillerinde siyasi medya söyleminin dilbilimsel özelliklerini belirlemektir. Bu bağlamda, medya söyleminin deyimisel, kavramsal, pragmatik ve görsel yönleri kapsamlı bir şekilde incelenmiştir.

İlk bölümde, medya söyleminin teorik tanımları, yapıları, düzeyleri (semantik, pragmatik, kanal, bağlamsal), söylem ve medya metni arasındaki farklar belirli örneklerle açıklanmıştır. Kurumsal bir söylem olarak medya söyleminin özellikleri analiz edilmiştir. Medya söyleminin iletişimsel özellikleri, yani muhatap-muhatap ilişkisi, izleyiciyle etkileşimli iletişim ve ikna ve etkileme stratejileri ele alınmıştır. Siyasi medya söyleminin retorik yapıları ve iletişim hedefleri gösterilmiştir. Kazak ve İngiliz medya söylemleri arasındaki dilsel-kültürel farklılıklara neden olan tarihsel-kültürel, ideolojik ve toplumsal faktörler analiz edilmiştir. Örneğin, Kazak söyleminde "birlik", "bağımsızlık" kavramlarının, İngiliz söyleminde ise "özgürlük", "güvenlik", "büyüklük" kavramlarının baskın olduğu bulunmuştur. Birinci bölümün sonuçları medya söyleminin karmaşık yapısını ortaya koymakta ve onun dil-kültürel boyutlarının sistematik bir analizini gerekli kılmaktadır.

İkinci bölümde medya söyleminde kullanılan dil birimleri ve ulusal-kültürel içeriği iletme işlevleri incelenmektedir. İlk olarak ulusal-kültürel kavramlar analiz edilmiştir. "El birliği", "Taewelsizdik", "Damu", "Kelisim" gibi kavramların K. Tokayev'in konuşmalarında, "Özgürlük", "Büyüklük", "Önce Amerika" gibi kavramların ise D. Trump'ın söylemlerinde sıklıkla yer aldığı görülmüştür. Kavramların içerikleri, öz ve yan öğeleri belirlenmiş ve anlamsal alanları karşılaştırılmıştır. Ayrıca deyimisel birimlerin ve paremlerin kullanımı incelenmiştir. Kazak söyleminde atasözleri ve deyişler resmi sözcüklere otorite ve ulusal bilgelik kazandırma aracı olarak kullanılırken, İngiliz söyleminde deyimler ve sloganlar izleyiciyle duygusal bir bağ kurmayı amaçlamaktadır. Sözsüz ve görsel öğeler medya söyleminin ayrılmaz bir parçası olarak analiz edilmiştir. K. Tokayev'in resmi, ölçülü üslubu ulusal sembollerle tamamlanırken, D. Trump'ın ifade edici jestleri ve parlak süslemeleri Amerikan şov politik kültürünü gösterdi.

Sonuç olarak, bu bölüm ulusal kültüre uygun dilsel ve sözsüz araçların kullanımının özelliklerini belirledi ve söylem rollerini formüle etti. Kavramların ve ifade biçimlerinin medya söyleminde kültürel bir kod olarak yeri kanıtlandı.

Son bölümde, doğrudan politik içerikli medya sözcüklerinin yapısı, retorisi, manipülatif stratejileri ve ulusal özellikleri karşılaştırmalı olarak ele alındı. Siyasi söylemin yapısal özellikleri ve toplumsal işlevleri ortaya konuldu. K. Tokayev ve D. Trump'ın sözcüklerinin pragmatik hedeflerine uygun olarak inşa edildiği ve farklı kitlelere yönelik olduğu gösterildi. Manipülatif stratejiler ve retorik yaklaşımlar analiz edildi. K. Tokayev'in konuşmalarının fikir birliğini, anlaşmayı ve kolektif eylemi teşvik eden söylemlerle domine edildiği, D. Trump'ın konuşmalarının ise sıklıkla "biz" ile "ötekiler" arasındaki çelişkileri yoğunlaştıran popülist sloganlar ve yöntemler içerdiği bulundu.

Ayrıca yazar, kültürlerarası medya söyleminin özelliklerini analiz etti ve medya söyleminin ulusal bilinç ve kamuoyunun oluşumundaki rolünü ele aldı. Anket sonuçları aracılığıyla kültürel farklılıkların algılanması analiz edildi ve kültürel kodların izleyicinin bilinci üzerindeki etkisi değerlendirildi. Retorik ve manipülatif stratejilerin kültürlerarası kabulü, her iki izleyici için de anketler, faktör ve korelasyon analizleri aracılığıyla açıkça kanıtlandı. Örneğin, D. Trump'ın saldırgan tarzı Amerikalı katılımcılara ikna edici görünürken, Kazak izleyici bu tarzı çok radikal olarak değerlendirdi.

Bu bölümde medya söyleminin politik yönleri, ulusal söylem gelenekleri ve kültürlerarası anlayışı etkileyen faktörler kapsamlı bir şekilde incelendi. Kamu bilincini etkileyen stratejik retoriğin ulusal ve kültürel karakter açısından farklı tezahürleri olduğu kanıtlanmıştır.

Tez sonucunda Kazak ve İngiliz medya söylemlerinin benzerlikleri ve farklılıkları, kültürlerarası iletişimdeki rolleri, ulusal-kültürel kodların iletilmesinde dilsel araçlar ve retorik yöntemleri kapsamlı bir şekilde belirlenmiştir. Yüksek bilimsel yenilik ve pratik öneme sahip olan bu araştırma, dilbilimsel kültür çalışmaları, medya dilbilimi ve siyasi söylem teorisi alanlarına önemli bir katkı sağlamaktadır.

Agymedullaeva Nazerke Bolekbaykyzy'nin araştırmasının sonuçları, bilimsel çalışmanın uluslararası tanınırlığını gösteren Scopus veri tabanındaki yüksek puanlı bir dergide yer alan bir makale de dahil olmak üzere prestijli yayınlarda yayınlanmıştır.

Sonuç olarak, Agymedullaeva Nazerke Bolekbaykyzy'nin tez çalışması, "8D02304-Filoloji" eğitim programında Felsefe Doktoru (PhD) derecesi almak için gereken tüm şartları karşılamaktadır. Yazımsal düzeyi ve bilimsel çalışmanın teorik ve pratik değeri göz önüne alındığında, başvuran Agymedullaeva Nazerke Bolekbayovna'nın "8D02304-Filoloji" eğitim programında Felsefe Doktoru (PhD) derecesi almaya layık olduğunu düşünüyoruz.

Yabancı Bilimsel Danışman,

Ankara Hacı Bayram Veli Üniversitesi Profesörü, PhD Naciye Yıldız

*Naciye Yıldız*

Ankara, Türkiye

30.05.2025





**T.C.**  
**ANKARA HACI BAYRAM VELİ ÜNİVERSİTESİ**  
**EDEBİYAT FAKÜLTESİ**  
**Çağdaş Türk Lehçeleri ve Edebiyatları Bölüm Başkanlığı**



Sayı :E-72781745--

Konu :





**Ағымедуллаева Назерке Бөлекбайқызының «8D02304 - Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Медиадискурс ерекшеліктері: лингвомәдени аспект (қазақ және ағылшын медиа материалдары негізінде)» диссертациялық жұмысына**

## **ПІКІР**

XXI ғасырдағы лингвистикалық зерттеулердің даму үдерісі антропоэлекті парадигмаға бет бұрып, тіл мен мәдениет арасындағы өзара ықпалдастықты терең зерттеуге мүмкіндік ашты. Бұл ғылыми бағытта тіл тек коммуникативтік құрал ретінде ғана емес, сонымен қатар мәдени кодты, ұжымдық жад пен ұлттық дүниетанымды тасымалдаушы жүйе ретінде қарастырылады. Осы тұрғыдан алғанда, медиадискурстың да танымдық және мәдени функциялары алдыңғы қатарға шығып отыр.

Медиадискурс – қазіргі кезеңдегі ең ықпалды дискурс түрі ретінде белгілі бір қоғамдық пікірді қалыптастырумен қатар, ұлттық-мәдени құндылықтарды қайта интерпретациялайтын құралға айналып келеді. Бұқаралық ақпарат кеңістігінде медиатіл арқылы ұсынылатын саяси, әлеуметтік және мәдени риторика, бір жағынан, лингвомәдени концептілерді бейнелесе, екінші жағынан, оларды прагматикалық мақсаттарға сай өңдеп, жаңа мағыналық өрістерге жетелейді.

Ағымедуллаева Назерке Бөлекбайқызының «Медиадискурс ерекшеліктері: лингвомәдени аспект (қазақ және ағылшын медиа материалдары негізінде)» тақырыбындағы философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық жұмысы қазіргі заманғы медиалингвистика мен лингвомәдениеттану салаларының өзекті мәселелерін қамтитын кешенді ғылыми еңбек болып табылады.

Зерттеу жұмысының өзектілігі медиадискурс пен ұлттық-мәдени құндылықтардың өзара байланысын салыстырмалы-типологиялық негізде зерделеу қажеттілігімен, сондай-ақ жаһандану жағдайындағы мәдениетаралық коммуникацияның тиімділігін қамтамасыз ететін риторикалық тәсілдер мен тілдік құралдарды анықтаумен байланысты. Ізденуші қазіргі ақпараттық кеңістікте медиатілді тұтынушы аудиторияға әсер етудің мәдени және прагматикалық тетіктерін саралай отырып, қазақ және ағылшын тілді медиадискурстардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын жан-жақты талдаған.

Диссертацияның құрылымы, мазмұны, теориялық және әдістемелік негіздері заманауи лингвистикалық зерттеулер талаптарына толық сай келеді. Зерттеу нысаны ретінде Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев пен АҚШ-тың бұрынғы Президенті Д.Трампың ресми сөздерінің медиатранскрипциялары алынған.





Жұмыс барысында қолданылған корпустық талдау, фразеологиялық талдау, семантикалық-салыстырмалы талдау, мультимодальді дискурс талдауы, сондай-ақ сауалнама және статистикалық деректермен жұмыс істеу әдістері – зерттеудің кешенділігін және ғылыми нәтижелердің сенімділігін арттыра түседі.

Ғылыми жұмыстың жаңалығы ретінде мына аспектілерді атап өтуге болады:

- Қазақ және ағылшын тілді медиадискурстардың фразеологиялық және концептуалдық өрістерінің алғаш рет жүйелі салғастырылуы;

- Қ.Тоқаев пен Д.Трампының саяси сөздеріндегі ұлттық концептілердің дискурстық репрезентациясы;

- Медиариторикадағы визуалды-коммуникативтік элементтердің рөлі мен ұлттық ерекшеліктері;

- Қоғамдық пікірге ықпал ететін манипулятивтік стратегиялардың лингвомәдени контекстегі көрінісі.

Ізденуші диссертацияда медиамәтіннің құрылымдық, прагматикалық және мәдени қабаттарын үйлесімді түрде қарастырып, ұлттық саяси дискурстың мазмұндық және формалдық ерекшеліктерін ғылыми негізде сараптаған. Жұмыс барысында ұсынылған теориялық тұжырымдар мен практикалық нәтижелер лингвомәдениеттану, медиалингвистика, аударматану, саясаттану және мәдениетаралық коммуникация бағыттары бойынша маңызды ғылыми-теориялық база қалыптастырады.

Диссертациялық жұмыстың теориялық маңыздылығы – саяси медиадискурс пен ұлттық тілдік сана арақатынасын анықтауға бағытталған үлгі ұсынуында. Практикалық маңыздылығы – тіл мен мәдениет сабақтастығын ескере отырып, медиатілмен жұмыс істейтін журналистер, аудармашылар, халықаралық қатынас мамандары үшін әдістемелік құрал бола алатындай ғылыми негізі бар.

Диссертацияның кіріспе бөлімінде зерттеудің өзектілігі, мақсаты, міндеттері, зерттеу нысаны мен пәні, теориялық-әдіснамалық негіздері мен қолданылған әдістерін жан-жақты сипаттаған. Зерттеу жұмысының өзектілігі ретінде медиадискурс пен ұлттық-мәдени ерекшеліктердің байланысын, әсіресе саяси дискурс аясында, мәдениетаралық салыстырмалы негізде қарастыру қажеттігін айқындаған. Зерттеу мақсаты – қазақ және ағылшын тілдеріндегі саяси медиадискурстың лингвомәдени ерекшеліктерін анықтау. Осыған байланысты медиадискурстың фразеологиялық, концептілік, прагматикалық және визуалды аспектілерін кешенді зерттеген.

Бірінші бөлімде медиадискурстың теориялық анықтамаларын, құрылымын, деңгейлерін (семантикалық, прагматикалық, арналық, контекстуалдық), дискурс пен медиамәтін арасындағы айырмашылықтарын нақты мысалдармен түсіндірген. Медиадискурстың институционалдық дискурс ретіндегі белгілерін саралаған. Медиадискурстың коммуникативтік ерекшеліктерін, нақты айтқанда, адресат-адресант арақатынасы, аудиториямен



интерактивтік байланыс, сендіру мен әсер ету стратегияларын қарастырған. Саяси медиадискурстың риторикалық құрылымдары мен коммуникациялық мақсаттарын көрсеткен. Қазақ және ағылшын медиадискурстарының лингвомәдени айырмашылықтарын туғызатын тарихи-мәдени, идеологиялық және әлеуметтік факторларды талдаған. Мысалы, «бірлік», «тәуелсіздік» концептілері қазақ дискурсында басымдыққа ие болса, ағылшын дискурсында «freedom», «security», «greatness» концептілері басым қолданылатыны анықтаған. Бірінші бөлімнің нәтижелері медиадискурстың күрделі табиғатын ашып, оның лингвомәдени аспектілерін жүйелі талдауды негіздеген.

Екінші бөлімде медиадискурста қолданылатын тілдік бірліктер мен олардың ұлттық-мәдени мазмұнды тасымалдау функциясы зерттелген. Алдымен ұлттық-мәдени концептілерге талдау жасаған. Қ.Тоқаевтың сөздерінде «Ел бірлігі», «Тәуелсіздік», «Даму», «Келісім», ал Д.Трампың риторикасында «Freedom», «Greatness», «America First» сияқты концептілер жиі кездесетінін анықтаған. Концептілердің мазмұны, олардың ядросы мен перифериялық элементтері анықталып, семантикалық өрісін салыстырған. Сонымен қатар, фразеологиялық бірліктер мен паремиялардың қолданысын зерттеген. Қазақ дискурсында мақал-мәтелдер, қанатты сөздер ресми сөздерге бедел мен ұлттық даналық дарытатын құрал ретінде қолданылса, ағылшын дискурсында идиомалар мен слогандар аудиториямен эмоционалды байланыс орнатуға бағытталған. Бейвербалды және визуалды элементтерді медиадискурстың ажырамас бөлшегі ретінде талдаған. Қ.Тоқаевтың ресми, сабырлы стилі ұлттық рәміздермен толықса, Д.Трампың экспрессивті қимылдары мен жарқын безендірулері американдық шоулық саяси мәдениетті көрсеткен.

Қорыта айтқанда, бұл бөлімде тілдік және бейвербалды құралдардың ұлт мәдениетіне сай қолдану ерекшеліктерін айқындап, олардың дискурстық рөлін тұжырымдаған. Концептілер мен фразеологизмдердің мәдени код ретінде медиадискурстағы орнын дәлелдеген.

Соңғы бөлімде тікелей саяси мазмұндағы медиасөздердің құрылымы, риторикасы, манипуляциялық стратегиялары және олардың ұлттық ерекшеліктерін салыстырмалы түрде қарастырған. Саяси дискурстың құрылымдық сипаттары мен әлеуметтік функцияларын ашқан. Қ.Тоқаев пен Д.Трампың сөздері прагматикалық мақсаттарына сай құрылып, әртүрлі аудиторияға бағытталғанын көрсеткен. Манипулятивтік стратегиялар мен риторикалық тәсілдерді талдаған. Қ.Тоқаевтың сөздерінде консенсусты, келісімді, ұжымдық әрекетті насихаттайтын риторика басым, ал Д.Трампың сөздерінде популистік ұрандар, «өзіміз» бен «басқалар» арасындағы қарама-қайшылықтарды күшейтетін тәсілдер жиі кездесетінін анықтаған.

Сонымен қатар, мәдениетаралық медиадискурстың ерекшеліктерін талдап, ұлттық сана мен қоғамдық пікірді қалыптастыруда медиариториканың атқаратын рөлін қарастырған. Мәдени ерекшеліктердің қабылдануын сауалнама нәтижелері арқылы талдап, мәдени кодтардың аудитория санасына ықпалын бағалаған.



Риторикалық және манипуляциялық стратегиялардың мәдениетаралық қабылдануын екі аудитория бойынша сауалнама, факторлық және корреляциялық талдаулар арқылы нақты дәлелдеген. Мысалы, Д.Трамптың агрессиялы стилі американдық респонденттерге сенімді көрінсе, қазақ аудиториясы бұл стильді тым радикалды деп бағалаған.

Бұл бөлімде медиадискурстың саяси қырларын, ұлттық риторикалық дәстүрлерін, мәдениетаралық түсіністікке әсер ететін факторларды кешенді зерттеген. Қоғамдық санаға ықпал ететін стратегиялық риториканың ұлттық және мәдени сипатта әртүрлі көрініс беретінін дәлелдеген.

Диссертация нәтижесінде қазақ және ағылшын медиадискурстарының ұқсастықтары мен айырмашылықтары, олардың мәдениетаралық коммуникациядағы рөлі, ұлттық-мәдени кодтарды жеткізудегі тілдік құралдары мен риторикалық тәсілдерін кешенді түрде анықтаған. Ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы жоғары бұл зерттеу лингвомәдениеттану, медиалингвистика және саяси дискурс теориясы салаларына елеулі үлес қосады.

Ағымедуллаева Назерке Бөлекбайқызының зерттеу нәтижелері беделді басылымдарда жарияланған, соның ішінде Scopus базасындағы жоғары рейтингті журналда мақала жарық көргені – ғылыми жұмыстың халықаралық деңгейде танылғанын көрсетеді.

Қорыта айтқанда, Ағымедуллаева Назерке Бөлекбайқызының диссертациялық жұмысы «8D02304-Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға қойылатын барлық талаптарға жауап береді. Ғылыми жұмыстың жазылу деңгейі мен теориялық және практикалық құндылығын ескере отырып, ізденуші Ағымедуллаева Назерке Бөлекбайқызына «8D02304-Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп есептейміз.

**Шетелдік ғылыми кеңесші,**  
Анкара Хаджи Байрам  
Вели университетінің профессоры, PhD



Наджие Йылдыз



Анкара, Түркия  
30.05.2025